

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
жанындағы 8D091 Ветеринария кадрларды даярлау бағыты бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау
жөніндегі
Диссертациялық кеңестің қорытындысы

16 маусым 2025ж.

Әбдіраманова Ботагөз Ақайдарқызының 6D120100 –
«Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша «*Trichophyton verrucosum*
қоздырғышын молекулярлық - генетикалық тест жүйесімен анықтау және
поливалентті инактивтендірілген вакцинамен алдын алу және емдеу»
тақырыбындағы диссертациясын қорғауы бойынша Қазақ ұлттық аграрлық
зерттеу университетінің жанындағы диссертациялық кеңестің шешімі №6
хаттама, 16.06.2025 ж.

**1. Диссертация тақырыбының ҚР іске асырылатын ғылыми
дамудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға
сәйкестігі.** Қазіргі уақытта трихофития ауруы 113 елді мекенде ірі қара мал
арасында тіркелген және 35-40% қамтиды. Трихофитиямен ауырған
малдардың қондылығы, жас малдардың өсіп жетілуі, алынатын өнімнің (сүт
пең еттің және терінің) сапасын күрт төмендетеді.

Ірі қара малдың трихофития індетінің ахуалын анықтау барысында
алынды: Патологиялық материалда *Trichophyton verrucosum*-ды анықтау әдісі
ҚР пайдалы модельге патент алынған. Алғаш рет ветеринария саласында
Trichophyton verrucosum дерматофитін патологиялық материалдардан ПТР
әдісі арқылы жедел балау қою үшін өндірістік жағдайда жиналған
патологиялық сынамалар тексерістен өткізіліп, балау қойылды. Ірі қара
малдың трихофитиясына қарсы ауылшаруашылық және ет қоректі
жануарлардың дерматомикоздарына қарсы поливалентті инактивтендірілген
вакцинаны өндірістік жағдайда аталмыш ауруға шалдыққан малдарды
жоспарлы түрде алдын алу және емдеу жұмыстары жүргізілген.
Диссертациялық жұмыс 2018-2020 жылдарға арналған «Бұқашықтарды
кастрациялау, белсенділігін басу, бұқашықтарды бордақылау алаңында
сұрыптау және практикалық технологияларды әзірлеу» жобасының
бағдарламасы ҚР ҒЖЖБ ТМК, BR06249373-20 (2018-2020 жж.) және 2022-
2024 жылдары «Жас Ғалым» жобасы бойынша орындалған.

2. Диссертацияны өзі жазу қағидатынын сақталуы. Жүргізілген
ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша Алматы, Қызылорда және
Түркістан облыстары бойынша шаруа қожалықтарынан жиналған 141
патологиялық сынамаларын арнайы сусло-агар қоректік ортасына себінді
жасалып, далалық-түздік трихофития изоляттары бөлініп алынған. Бөлініп
алынған далалық-түздік изоляттарға ажыратып, балау жұмыстарын
П.Н.Кашкиннің, Н.П.Головинаның, Л.Г.Иванованың, Д.Саттонның патогенді,
токсигенді және адамға зиянды саңырауқұлақтар анықтамасын қолдана
отырып, *Trichophyton verrucosum* түріне жататынын анықтаған. Бөлініп
алынған *Trichophyton verrucosum* изоляттарының уыттылық, зардаптылық

және иммуногендік қасиеттерін зерттеп, трихофитияның зерттелген қасиеттерінің пайыздық көрсеткіші 60-70%-ды қамтыған, ал стандартты эпизоотологиялық штамның пайыздық көрсеткіші 100% көрсеткіш көрсеткен.

ПТР әдісімен трихофитияны патологиялық материалдарда балау, ветеринария саласында алғаш рет енгізілген.

Ветеринариялық іс-шаралардың тиімділігін арттыру жүйесі бойынша ғылыми негізделген тәжірибелік ұсыныс және әдістемелік нұсқаулық әзірленген.

3. Диссертацияда ішкі бірлік қағидатының сақталуы.

Б.А.Әбдіраманованың диссертациялық жұмысының жаңа шешімдері бар, орындалған жұмыстың өзектілігі негізделген және толық аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертациялық жұмыс бойынша жасалған қорытындылары, орындалған жұмыстың мақсат-міндеттері тақырыпқа толықтай сәйкес келеді. Докторанттың диссертациялық жұмысының барлық бөлімдері мен ережелері логикалық жағынан толық байланысқан.

Диссертациялық жұмыс алынған жаңалығымен ерекшеленеді, жұмыс мақсатына жету үшін ҚР әрбір қолайсыз шаруа қожалықтарында трихофития індетінің қоздырғыштарына ауқымды эпизоотологиялық мониторинг жүргізіліп, заманауи ПТР әдісімен зерттеулер жүргізілген, нәтижесінде қойылған міндеттер толықтай орындалған.

Ғылыми - зерттеу жұмыстарының нәтижелері үш тілде (мемлекеттік, орыс және ағылшын) жазылған, қысқаша андатпада берілген және ол диссертациялық жұмыстың мазмұнына толықтай сәйкес келеді.

4. Диссертацияда ғылыми жаңашылдық қағидатының сақталуы.

Қазақстан Республикасының әрбір өңірінде ірі қара малдың трихофитиясының жас төлдердің арасындағы індеттік ахуалы анықталған және қолданылған вакцинаның алдын алу және емдік тиімділігі нақтыланған.

Ірі қара малдың трихофития індетінің ахуалын анықтау барысында «Залалды материалда *Trichophyton verrucosum*-ды анықтау әдісі» пайдалы модельге патенті алынған. Пайдалы модельге патент №8224, 30 маусым 2023 жыл.

Ветеринария саласында патологиялық материалда *Trichophyton verrucosum* дерматофитін ПТР арқылы жедел балау әдісі енгізілген.

5. Диссертацияда дәйектілік принципінің сақталуы. Докторанттың диссертациялық жұмысты орындау барысында ғылыми еңбектермен жұмыс жасауы дәйектілік принципінің сақталғандығын нақтылайды.

6. Диссертацияда практикалық құндылық принципінің сақталуы.

1. *Tr. verrucosum*-ды анықтауға мүмкіндік беретіндігін әртүрлі клиникалық үлгілерде, микроскопиялық және өсіндіні бөліп алу әдістермен салыстырғанда зооантропонозды дерматомикоздарды зертханалық балауда айтарлықтай жоғары балаулық тиімділікке, сезімталдыққа және өзіне тәнділікке ие сонымен жедел балауды қажет ететін ПТР әдісі (Залалды материалда *Trichophyton verrucosum*-ды анықтау әдісі. ҚР №8224 Пайдалы модель патенті, 2023 жыл 30 маусым); Трихофития ауруын дер кезінде емдеу

жұмыстарын жүргізу үшін ПТР әдісімен балау қою арқылы анықтап, жедел түрде трихофития індетіне қарсы ауылшаруашылық және ет қоректі малдардың дерматомикоздарына қарсы поливалентті инактивтендірілген вакцинамен алдын алу және емдік іс-шараларын жүргізуді ұсынады (ҚР Патенті №32633 08.01.2018 ж.).

7. Диссертацияда академиялық адалдық қағидатының сақталуы, диссертацияда авторы мен дереккөзі көрсетілмеген бөтен материалдың (плагиат) болуы. Жоқ. Диссертациялық жұмыста өзіндік, академиялық адалдық қағидаты сақталған.

Диссертация ҰМҒТСО деректер базасында авторларға сілтеме жасамай материалдар мен әдебиет көзін пайдалану бойынша тексерілді. Зерттеудің бағыты, мақсаты мен міндеттері докторант пен ғылыми кеңесшілердің қатысуымен айқындалып, негізделді. Зерттеу материалы мен әдістемесі бойынша тәжірибелік бөлімнің нәтижелері толық және нақтыланған, алынған деректерге статистикалық талдаулар жүргізілді, қорытындылар мен актілер берілді.

8. Жарияланымдар толықтығының сәйкестігі: Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 9 ғылыми еңбек, оның ішінде -3 мақала - ҚР Ғылым және Жоғары Білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған баспаларда; 1 мақала - Scopus базасына кіретін журналда; 1 мақала - халықаралық конференция жинақтарында; 2 ҚР пайдалы модельге патенті, 1 тәжірибелік ұсыныс және 1 әдістемелік нұсқау жарияланған.

9. Диссертациялық кеңестің шешімі:

Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларына» және Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Диссертациялық кеңес туралы ережесіне» сәйкес докторанттың диссертациялық жұмысының мәтіні бойынша елеусіз ескертулер бар және оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпейді. Сондықтан да, докторант Әбдіраманова Ботагөз Ақайдарқызының диссертациясы келесі ескертулерді ескеру үшін пысықтауға жіберіледі:

- Диссертациялық жұмыстың 3.2-бөлімінде ірі қара малынан түздік изоляттарды бөліп алу, өсіру және идентификациялау үдерісіне қатысты зерттеуде қолданылған қоректік орталарды да нақты көрсету, бөлініп алынған саңырауқұлақ изоляттарының өсінділік қасиеттері бойынша визуалды дәлел ретінде микроскопиялық фотоматериалдар ұсыну, бөлімді толықтыру;

- 3, 5, 6, 7 -кестелерде шаруа сөзі – шрауа, бақылау-бықылау сияқты, 13-14 кестелерде в мг/см³ орыс тілінде, сонымен қатар осы аталған кестелерде сөздер бірігіп жазылып кеткен, осы сияқты грамматикалық қателіктер кездеседі, түзету керек;

- Аудармада түсініксіз сөздер мен сөйлемдер анықталды, оларды ғылыми тіл нормаларына сәйкес нақты әрі мазмұнды етіп редакциялап, тіл маманына тексерту ұсынылады;

- Диссертациялық жұмыста жалпы алғанда 163 ғылыми әдебиет пайдаланылған, оның соңғы 10 жылда жарық көрген еңбектер саны -16. Жаңа (актуалды) әдебиеттердің үлесі төмен -9.8%. Қазіргі талаптарға сәйкес соңғы 5-10 жылдық дереккөздер кемінде 25–30% болуы керек. Осыған байланысты, соңғы жылдардағы заманауи әдебиеттерді кеңінен қолдана отырып, әдебиеттік шолу бөлімін толықтыру ұсынылады. Сонымен қатар, пайдаланылған әдебиеттер арасында диссертанттың жеке мақалаларының саны – 1 ғана, бұл оның өз ғылыми еңбектеріне толыққанды сілтеме жасамағанын көрсетеді.

- Докторанттың қорғау барысындағы баяндамасы 10 минут уақыт аясында аяқталды. Бұл жағдай зерттеу жұмысының ғылыми-практикалық мазмұнын, қолданылған әдіснамалық тәсілдерін, ғылыми жаңалығын және қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдарды толыққанды ашуға мүмкіндік бермеді. Аталған жайт бойынша докторанттың дайындық деңгейін жетілдіру керек;

- Сұрақ-жауап кезеңінде қойылған сұрақтарға нақты әрі ғылыми негізделген жауаптардың болмауы, кейбір сұрақтарға бірсарынды және қайталанатын сипаттағы жауаптардың берілуі зерттеу материалын толық меңгермегендігін көрсетеді. Бұл мәселені шешу үшін диссертантқа зерттеу тақырыбы бойынша материалдарды тереңірек игеріп, ғылыми тұжырымдарын нақты әрі жан-жақты қорғай білуге дайындалу ұсынылады;

- Қорғау барысында ғылыми стильдің талаптары сақталмай, терминдер мен негізгі ұғымдардың дәл әрі орынды қолданылмауы байқалды. Сондықтан докторантқа ғылыми тіл мен терминологияны меңгеруді тереңдету, әрі мәтіндерді кәсіби деңгейде даярлау дағдыларын жетілдіру мақсатты;

- Сондай-ақ, ресми рецензент тарапынан айтылған ескертулерге тиісті түрде назар аударылмаған. Түзетулер енгізілмеген. Осыған байланысты, диссертанттан рецензенттердің пікірлерін жан-жақты қарастырып, ғылыми негізделген жауаптар дайындау міндетті;

- Қорғауда диссертациялық кеңестің уақытша мүшесі Кухар Е.В. тарапынан білдірілген ескертпе де назарға алынды және қорғау барысындағы пікірталастың маңызды элементі ретінде қарастырылды. Осыған байланысты, диссертантқа бұл ескертпені толық және мұқият ескеруге ұсыныс білдіріледі.

Диссертациялық кеңес докторант **Әбдіраманова Ботагөз Ақайдарқызының** 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша қорғалған диссертациялық жұмысын пысықтауға ұсынады.

Диссертациялық кеңестің
төрағасы

П.Ш. Ибрагимов

Диссертациялық кеңес
төрағасының орынбасары

А.Р. Сансызбай

Диссертациялық кеңестің ғалым
хатшысы

Д.А.Сарыбаева

РАСТАЙМЫН
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу
университетінің ғылыми кеңесінің хатшысы
17.06.20